

Алматы қаласында 2026 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезекті XLVI сессиясының 2026 жылғы 10 маусымдағы № 311 шешімі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығымен бекітілген Кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20284 болып тіркелген) сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алматы қаласында 2026 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшері 2026 жылға бекітілген айлық есептік көрсеткіштің 0,016 еселенген мөлшерінде, яғни айына бір шаршы метр үшін 70 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М. Отыншиев